

## 2010 жылға аудан тұрғындарының нысаналы топтарға жататын адамдарын анықтау туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 06 тамыздағы N 37 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 20 тамызда N 5-13-77 тіркелді. Күші жойылды - Катонқарағай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы N 184 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Катонқарағай ауданы әкімінің 2010.12.27 N 184 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» № 148 Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» № 149 Заңының 5, 7 баптары негізінде, Катонқарағай ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. 2010 жылға аудан тұрғындарының келесі мақсатты топтары анықталсын:
  - 1) та бы сы аз адамдар;
  - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
  - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
  - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты үнемі күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
  - 6) мүгедектер;
  - 7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
  - 8) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарына босатылған адамдар;
  - 9) оралмандар;
  - 10) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
  - 11) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына немесе жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының

қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

12) мектепте мен кәсіптік және жоғары оқу мекемелерінің түлектері;

13) өндірісті ұйымдастырудың өзгеруіне, соның ішінде қайта ұйымдастыру және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс күні режимінде жұмыс істейтіндер;

14) еңбекақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар;

15) жазғы каникул уақытындағы демалыстағы адамдар;

16) 50 жастан асқан әйелдер;

17) 55 жастан асқан азаматтар;

18) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Д. Чукубаева) осы қаулыны аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 23 шілдедегі "Катоқарағай ауданы тұрғындарының нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі туралы" № 10 қаулысының күші жойылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Қ. Сәдуовқа жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*А. Бекбосынов*